

Абай атындағы ҚазҰПУ 6D021300 - Лингвистика білім беру бағдарламасының 3-курс PhD докторанты Муса-Ахунов Акрам Абдул-Махмудовичтің «Лингвомәдени бірліктердің прагматикалық аспектісі (Қазақ және дүнген тілдері материалдары негізінде)» тақырыбындағы PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына

П І К І Р

Қазіргі қазақ қоғамы үшін ұлттық атаулардың семантикалық мағынасын ашу, мәдени кодын айқындау - маңызды мәселелердің бірі. Көне ескіліктерді қайта жаңғырту, рухани жаңғыру дәуірінде ұмытылған салт-дәстүрдің мәдени мағыналарын танытуға бағытталған бұл зерттеу жұмысының ғылыми жетістіктері бар. Жұмыста лингвомәдени бірліктер мәдени-ұғымдық өрісті кеңейтетін, ал тілдік бірліктер - мағыналық топтардың аясын кеңейтетін құралдар екені айқындалған. Қазақ және өзге туыс емес тілдердің лингвомәдени бірліктерін қарастыру мәдени айырмашылықтарды анықтауға, тілдік өзгешеліктерді айқындауға, ұлт пен ұлыстардың өзіне тән құндылықтар жүйесінен хабар беруге көмектеседі. Диссертациялық жұмыста рухани мәдениеттің коды мен тілдегі көрінісі туыстық атаулардың лингвомәдени және прагматикалық қызметі тұрғысынан жан-жақты қарастырылған. Қазақ және дүнген халықтарының материалдық мәдениетіндегі ортақтастық үй жабдықтарына, тағамға, киім-кешекке қатысты лингвомәдени бірліктерді салғастыра зерттеу нәтижесінде әр қырынан ашылған. Диссертациялық жұмыстағы «қос халықтың мәдени, діни-танымдық, отбасылық әдеп-нормалары мен туыстық қатынас ортақтастығы екі ұлтқа ортақ ислам дініне негізделсе, өзге де адамгершілік құндылықтары жалпы шығыс мәдениетіне жататын ұлт пен ұлыстарға тән этникалық ерекшеліктерінен бастау алады» деген тұжырымын орынды деп санаймыз. Рухани, мәдени құндылықтар жүйесі қазақ және дүнген халықтарындағы лингвомәдени бірліктерге прагматикалық талдау жүргізу барысында ашыла түседі. Осымен байланысты екі халықтың ұлттық таным үндестігін, рухани-мәдени ерекшелігіндегі тілдік сипатын, аккультурациялық құбылыстар көрінісін анықтау жұмыстың негізгі мақсатына кірген.

Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі анық сипатталған.

Біріншіден, қазақ және дүнген халықтарының ұлттық дүниетаным, рухани мәдениетіндегі ерекшеліктері мен ортақтастығы лингвомәдени бірліктерге жүргізілген прагмалингвистикалық, этнолингвистикалық талдау жүргізу нәтижесінде анықталып, этномәдени деректер дәлелденген.

Екіншіден, екі ұлттың рухани мәдениетіндегі үндестігі ислам діні екендігі жан-жақты қарастырылған. Діни дискурста тән лексика-фразеологиялық бірліктердің прагматикасындағы ортақ ерекшеліктер жіті талданған.

Үшіншіден, тегі әртүрлі қазақ және дүнген ұлтының рухани-мәдени ерекшеліктері мәдени код, тілдік код шеңберінде зерделенген. Салт-дәстүр,

наным-сенім, мақал-мәтелдерден алынған тілдік деректер салғастырмалы түрде жүйелі әрі логикалық байланыста түзілген.


Төртіншіден, лингвомәдени бірлікті айқындаудың негізгі қағидаттары ұсынылған. Лингвомәдени бірліктердің мағынасы 1-ден, метафоралық қолданыста, 2-ден, атаудың ауыспалы мағынасында, яғни жасырын семада, тасаланған мәдени ақпараттарда көрініс табады. Оны сол зат атауының мәдени өрісін анықтау арқылы сол зат туралы жиналған аялық білімдер арқылы айқындалатыны жұмыста дәлелденген.

Бесіншіден, семантикалық өріс - мағына ұқсастықтарының перифериясын құрайтын жүйелі құрылым болып саналатындықтан жұмыста қазақ және дүнген тілдеріндегі лингвомәдени бірліктер мәдени-семантикалық өріс тұрғысынан қарастырылған.

Қазақ және дүнген тілдеріндегі лингвомәдени бірліктерге прагмалингвистикалық талдау жүргізу барысында семантикалық уәж негізге алынған. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы - қазіргі қазақ тіл білімі үшін маңызды зерттеу. Сондықтан жұмыстың өзектілігі даусыз. Диссертациялық жұмыс ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкес жазылған. Ғылыми стильде жазылған, зерттеу бағыты айқын, мақсаты нақты және оған жетуде көзделген міндеттер толық орындалған. Сондықтан «Лингвомәдени бірліктердің прагматикалық аспектісі (Қазақ және дүнген тілдері материалдары негізінде)» тақырыбындағы диссертациясы толық аяқталған.

Қорытындылай келе, Муса-Ахунов Акрам Абдул-Махмудовичтің диссертациялық жұмысы «6D021300 - Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми жетекшісі
Ф.ғ.д., профессор



Қ.Ө.Есенова

Қ.Ө.Есенова

